

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития».** - 2018. - Т.1,Ч.4. - С. 21-24

АСТАНА ҚАЛАСЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІНІҢ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Орынбасаров Ә.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 17-01-7.3 тапсырмасыбойынша Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі 2017 – 2018 жылдарға арналған жол картасы, қаланың азық-түлік белдеуінің дамуына өзінің зор үлесін қосуда. Бұл жол картаның негізгі міндеттеріне қала аймағында азық-түлік белдеуі, оның ішінде тұрақты шикізат базасын құру есебінен өндірісті дамыту, ұланы азық-түлікпен қамтамасыз ету және одан әрі дамыту алынған.

Сонымен қатар, Астана қаласының нарығына республиканың басқа өңірлерінен тамақ өнімдерінің негізгі түрлерінің тұрақты жеткізілімін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау. Астана қаласы мен оған жақын маңда орналасқан өңірлер аумақтарында сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту [1].

Азық-түлік белдеуін нығайтуда ең алдымен, жалпы АӨК бәсекеге қабілеттілігін арттыру халықтың кең ауқымды азық-түлік қолжетімділігін қамтамасыз ету, ішкі және сыртқы факторларды, жұмыс және өнім сапасының артуына, жалпы шығындарды қысқартуға байланысты болуы тиіс.

Азық-түлік белдеуіндегі маркетингтік қызметтің жоғары дәрежеге жұмыс атқаруы және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мынадай функцияларды орындауы тиіс:

- нарық сыйымдылығын ғылыми-зерттеу және оның даму тенденциялары;
- нарықтық сегменттеу, өнімді пайдаланушылардың санын және өнім сапасын сәйкестендіру;
- әлеуетті сату мүмкіндіктерін талдау, өнімдер мен бәсекелестердің қызметін болжау және бағалау;
- шаруашылықтың стратегиялық жаңа бағыттарын іздеу;
- Өнімнің және өндірістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағыттарын анықтау.

Жан-жақты азық-түлік белдеуін дамыту жүйесінің мақсаты ол оңтайлы тұтынушы қажеттіліктерін қанағаттандыру және көбею процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін, сондықтан сапасы мен тауарларды өндіру құнының (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) берілген деңгейіне қол жеткізуі тиіс.

Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру мен дамыту бағытындағы алға қойылған және жоспарланған бағдарламалар негізінде оны дамытуды қамтамасыз ету шараларын көре аламыз. Қала маңында азық-түлік белдеуін қалыптастыруға қатысатын азық-түлік тауарларын өндіруші өндірістердің өнімдерін, сондай-ақ өзге өңірлердентасымалданатын өнімдерін тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету үшін мынадай ынталандыру шаралары жүргізілетін болады [2]:

1. Астананың азық-түлік белдеуін қалыптастыруға қатысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге "Астананың азық-түлік белдеуінің қатысушысы" деген мәртебесі беріледі, ол:

1) субсидиялау қағидаларында субсидия төлеуде;

2) "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның еншілес акционерлік қоғамдарының кредит беруі кезінде;

3) коммуналдық базарларды қоса алғанда, өткізу нарықтарына қолжетімділікті қамтамасыз етуде басымдық көздеуге мүмкіндік береді.

2. Әрбір өңірде "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы атынан үкіметтік емес ұйымдар арқылы "Астананың азық-түлік белдеуінің қатысушыларын" іріктеу тетігін енгізу.

3. Заманауи форматтағы сауда желілеріне басым түрде отандық тауар өндірушілерінен, ал "Астананың азық-түлік белдеуінің қатысушысы" мәртебесі белгіленгеннен кейін астананың азық-түлік белдеуіне қатысушылардан өнімді сатып алған жағдайда айналым қаражатын толықтыруға жеңілдетілген қаржыландыру ұсыну.

4. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жеңілдетілген негізде (жалға алу төлемінен 30 %-дан артық емес), оның ішінде коммуналдық базарларда сауда алаңдарын беру.

5. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге егу және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін Астана қаласының базарларына қаланың тұрғындарын қамтамасыз етуге қажетті азық-түлік тауарларының белгілі бір көлемін өткізу міндеттемесімен "Қазагро" ҰБХ" АҚ еншілес акционерлік қоғамдары арқылы жеңілдетілген кредит беру.

6. Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріккен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көкөніс және картоп сақтау қоймаларын салуға жеңілдетілген қаржыландыру ұсыну.

7. Астана қаласының тұрақтандыру қоры арқылы халықтың ең төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін азық-түлік тауарларының қажетті көлемін кепілді сатып алу.

Азық-түлік белдеуін қалыптастыру және оны дамыту бырысындағы осындай іс-шаралар негізінде қаланы азық-түлікпен қамтамасыз ету, сонымен қатар өзін-өзі өз өнімдерімен қамтамасыз ету жағдайын байқаймыз. Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жүйесінде тамақ және азық-түлік өнімдерін қайта өңдеу өнеркәсібіндегі кісіпорындар бәсекелестігін сапа менеджментіндегі халықаралық стандарттар жүйесіне сай дамыту қолға алынған. Осындай іс-шаралар негізінде шығарылып жатқан өнімдерсаны мен сапа жағдайын арттыру және кәсіпорындардың халықаралық менеджмент ISO және HACCP стандарттарын енгізуге көшіру жұмыстары жалғастырылып жатыр. Қазіргі уақытта Астана қаласына осы саланың 10-ға жуық өндіріс орындары халықаралық стандарттарды енгізген, өндірісті жетілдіру сияқты жүйені енгізген [4].

Астана қаласы бойынша азық-түлік белдеуін қалыптастыру механизмінде балауса және қолжетімді бағалы сонымен қатар сапалыотандық өндірушілер өндірген азық-түлік өндірістерімен тұрақты түрдеқанағаттандыру және алдағы уақытта импорттағы азық-түлік өнімдер санын азайту мақсатында, азық-түлік белдеуін құру мен оны дамыту үшін қаладан 300 шақырым аумақтан қатысушыларды қадағалау сияқты жұмыстары жүріп жатыр. Астана қаласының тұрғындарының азық-түлікті тұтыну қажеттілігі нормасына сәйкес қанағаттандыру мақсатында өнімдердің саны мен сапасын қадағалау, тұрғындардың қауіпсіз тамақтануын реттейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Астана қаласының аумағында 1 002,8 мың адам тұрады. Қаланың тұрғын санын, сонымен қатар тұтынушы сұраныстарын білу анықтау арқылы алдағы уақытта азық-түлікпен қамтамасыз ету, азық-түлік белдеуін дамыту оңайға түседі.

Соңғы бес жылда Астана қаласы халқының тауық жұмыртқасын, нан өнімдері мен жарма өнімдерін тұтынуы 5%-ға, қант пен кондитерлік өнімдерді тұтынуы 4,6%-ға, ет пен ет өнімдерін тұтынуы 4,1%-ға, көкөністерді тұтынуы 3,4%-ға, сүт пен сүт өнімдерін тұтынуы 2,8%-ға, май мен тоңмайды тұтынуы 2,6%-ға, картопты тұтынуы 1,4%-ға артуы байқалады. Балық және балық өнімдерін тұтыну 17,4%-ға, жемістерді тұтыну 6,4%-ға төмендегені тіркелді[1].

Қаланың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен оның әл-ауқатының жыл сайын өсуін есепке ала отырып, тиісінше халық санының өсуі болжануда, бұл тамақ өнімдерін тұтынудың өсуіне әкеледі.

Мәселен, 2018 жылы халық санының 19,2 мың адамға өсуі болжануда, тиісінше негізгі азық-түлік тауарларын тұтыну көлемі 2 %-ға артады.

Осыған байланысты азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Астана қаласының маңында өндірістік азық-түлік белдеуін құру басымдылық болып табылады.

Ауыл шаруашылығындағы азық-түлік белдеуінде жеміс-көкөніс өнімдері қалаға елдің оңтүстік аумақтарынан, соның ішінде ОҚО, Алматы,

Жамбыл облыстарынан, және алыс, жақын шет елдерден Өзбекістан, Қырғызстан және Қытай елдерінен тасымалданады. Азық-түлік өнімдерін тұтыну сонымен бірге оны өндіру, сырттан тасымалдау бойынша сараптамасында Астана қаласы қазіргі уақытта басқа аймақтардан тасымалдауды қосқанда қала ұн, нан, нан және басқа да өнімдерімен тұтыну шегі қамтамасыз етіліп отырады.

Астана қаласын жеміспен көкөніс өнімдерімен толық түрде қамтамасыз ету мақсатында сақтау шамасы 60 000 тонна сақтау қоймасын қажет етеді. Азық-түлік белдеуі механизмінде қала бойынша бүгінгі күні сақтау көлемі 22 850 тоннаны құрайтын 5 қойма жұмыс істейді, 2012 жылы оның ішінде 3 көкөніс сақтау қоймасы пайдалануға берілген. "Агробизнес-2020 бағдарламасы" бойынша қала халқының өнімге тұтыну көлемі 100 %-ға жабылатын жалпы сақтау көлемі 29 000 тонна құрайтын 4 жоба құрылысы және одан бөлек 4 жоба жобалау сатысында жоспарға алынған. Алға қойылған іс-шаралар жүйесінде кәсіпорындар қатарын көбейтіп оларды қолдау негізінде осы объектілерге тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп отыр. Астана қаласының өндірістік кәсіпорындарда инфрақұрылымды қалыптастыру және оларға несие көздерін бөлу «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасында жоспарға алынған.

Қаланың азық-түлік белдеуін қалыптастыру мақсатымен әр жыл сайын немесе тоқсан сайын азық-түлікпен кеңелту, қамтамасыз ету іс-шаралары жасалып отырады. Тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін апта сайын Астана қаласы төңірегінде орналасқан және жақын маңайдағы облыстардан әкелінетін өнім өндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өткізіліп отырады.

«Астана қаласы аумағында азық-түліктік белдеуін құру» бағдарламасы арқылы 2009 жылы «Компания «АйсФудАстана» ЖШС-і азық-түлікті сақтау терминалы (көкөністер мен жемістер, ет өнімдері) құрылысын салу жобасы жүзеге асты. Сақтау қоймасының қуаттылығы 2,4 мың тонна, жобаның қаржылық құны 1,1 млрд. теңгені құрайды, соның ішінде 30 пайызға жуық қаржы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ы бөлген несие, аталған жоба Астана қаласының өндірістік ауданында орналасқан. Бұл кәсіпорын терминалында негізінен Украина, АҚШ сияқты шет елдерден тасымалданатын шетелдік ет өнімдері сақталады [3].

«Астана азық-түлік белдеуін» қалыптастыруға мемлекеттің ішкі қаражатынан миллиондаған қаражат бөлінді, нақты бағдарламалар күшіне еніп, жан-жақты қолдау көрсетілді. Бірақ, Астана қаласының азық-түлік белдеуі қорына қосқан үлесі әлі күнге дейін жоғары дәрежеде дамуға жоғары

деңгеді септігін тигізіп отырған жоқ. Бас қаланың ішкі сауда нарығын және аграрлы секторын қазіргі күнге дейін толықтай өзін-өзі қамтамасыз етпейді, Қытай елімен мен Ресей сияқты шет елдерден тасымалданатын өнімдер қатары әлі бар.

Қазақстан Республикасы Президенті «Азық-түлік белдеуін құру» туралы тапсырмалар берген кезден бастап сауда нарығындағы баға деңгейін түсіру және ауыл шаруашылықтарының өнімдерін өндірушілердің өз өнімдерін тікелей тұтынушыларға жеткізуге тиімді жағдай жасау мақсатында коммуналдық базарлар санын көбейту барысында мақсатқа қосқан болатын. Астанада ірі коммуналдық базардың бірі «Шапағат» қазіргі таңда жақсы жәрежеде жұмыс жасайды. Қалада белдеуді қамтумен дамыту барысында 28-ге жуық жеке меншік базарлар жұмыс істейді. Коммуналдық базарлардың көбеюі мен тауар бағасы деңгейінің түсуі қала тұрғындарының азық-түлікке қажеттіліктерін және қолжетімділіктеріне жағдай жасайды.

2020 жылға дейін ет өнімдерін өндіретін Қазақстан бойынша 10-ға жуық, Астана қаласы бойынша шамамен 2-ірі ет өндіріс кәсіпорынын салыну жоспарда бар. Жоспарланған мақсатқа байланысты, өндіріс кәсіпорындары іске қосылса шет елдерден тасымалданатын импорттағы ет өнімдері көлемі азаяды деп күтілуде. Ауылшаруашылық саласындағы «Азық-түлік белдеуін қамтамасыз ету» мақсатындағы шаралары халықтың толық көлемде азық-түлікпен қанағаттандырылуы, сонымен қатар қауіпсіз тамақтанумен өнімді сатып алу мүмкіндігін жақсартуды көздейді. Ішкі нарықты жақсарту үшін кез-келген ел, ең бірінші өз өнімін тұтынуы яғни, импорт тауарларын аз тасымалдау қажет. Осындай мақсатта Қазақстан ауылшаруашылығының жоспарында импорт өнім үлесін азайтып және де халықтың жан басына шаққандағы өнім тұтыну деңгейін қамту көзделген.

Қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету механизмінің көлемін арттыру негізінде Ақмола облысы мәслихаты 2015 жылғы 17 ақпандағы № 5с-34-3 шешімімен «Астана қаласының төңірегінде азық-түлік белдеуін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы» бекітілді. Бағдарламада алдағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін және Астана қаласы төңірегіндегі азық-түлік белдеуінде АӨК-і өнімдері өндірістерінің және оны қайта өңдеуі бойынша өнімдердің санын және сапасын арттыру негізіне көптеген шаралар жоспарланды.

Соның негізінде, АӨК-н дамыту және аталған бағдарламаны жүзеге асыру бойынша істелініп жатқан жұмыстар келесі нәтижелерге қол жеткізуге өз мүмкіндігін береді:

- Ақмола облысынан келетін Астана қаласы ішкі нарығына жалпыазық-түлік өнімдерінің жеткізілімі басымдылығын арттыру;
- азық-түлік белдеуі негізіндегі тұрақты және нақты шикізат базасын құру;
- агроөнеркәсіптік саладағы өндірістің көптеген жаңа түрлерін нарықта қолдану және азық-түліктер түрін тасымалдауға ең төменгі шығындану көлемінен, қала тұрғындарыныңғайлы баға негізінде азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету болып табылады [5].

Астана қаласы азық-түлік белдеуі нарығы қазіргі таңда көптеген бағдарламалар аясында даму үстінде деп айтуға болады. Алдағы уақытта қала өзін-өзі толықтай қамтамасыз ету үшін әлі де көптеген жұмыстар атқарылуы тиіс. Қала тұрғындарын азық-түлік өнімдерінің барлық түрлерімен толықтай қамтамасыз ету ауыл шаруашылық саясатындағы алға қойған басты жоспар мен мақсат көзі болып табылады. Азық-түлік белдеуін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары болуы тиіс: АӨК дамыту, халықтың және осы процестерді мемлекеттік реттеу азық-түлікке қолжетімділік қамтамасыз ету. Азық-түлік қауіпсіздігі нақты құрылымдалған мақсаттары бар көп деңгейлі иерархиялық жүйе ретінде қарастырған жөн. азық-түлік қауіпсіздігі адамды қамтамасыз ету негізгі мақсаты, белгілі бір қоғамдастықтың, еліміздің және аймақтардың нарықтық ортада әркім қажеттіліктерін қанағаттандыратын және максималды қызмет ету мерзімі қамтамасыз сапалы отандық азық-түлік жеткілікті санын сатып алуға мүмкіндік беретін, табыс тұрғысынан бүкіл халықтың азық-түлік болуы болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі 2017 – 2018 жылдарға арналған жол картасы
2. Обеспечение продовольственной безопасности страны на основе повышения конкурентоспособности АПК. (на материалах Республики Казахстан). Кендюх Евгений Иванович. Новосибирск, 2014.
3. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013–2020 годы (Агробизнес – 2020). – Астана, 2012. – 97б.
4. Assessing food value chain pathways, linkages and impacts for better nutrition of vulnerable groups. Maestre, M., Poole, N., Henson, S. 2017
5. ҚР «БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ-2020» бағдарламасы.